

Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледжі



***Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары
колледж оқытушысының
АР НАМЫС КОДЕКСІ***

***Петропавл қ.
2020 ж.***

«М.Жұмабаев атындағы жоғары колледжі»

оқытушысының ар-намыс кодексі

Оқытушы қызметінің басты бағыты – студенттермен жұмыс жасау, олардың білімділігі мен мәдениетіне қамқор болу, өз Отанының шынайы патриоттарын тәрбиелеу.

Оқытушы өзінің теориялық білімі мен педагогикалық шеберліктерін үнемі жақсартып отыратын, білімді адал іздестіру негізінде зерттеу және ғылыми жұмыстарын белсенді жүргізетін, нәтижелерді хабарлау барысында адалдылық пен пайымдаудың бейтараптығын, дәлелдігін міндетті түрде көрсете отырып, кәсіби болу керек.

Оқытушы – өнегелілік пен интиллегенттіліктің, мораль мен адамгершіліктің үлгісі, Қазақстан мемлекеттілігінің белсенді насихаттаушысы, сыбайлас жемқорлық, тәртіпсіздік пен жауапсыздықтың пайда болуының принципшіл қарсыласы.

Оқытушы жеке үлгі ретінде студенттерге еңбек пен оқу тәртібі ережелерін сақтай отырып, әріптестеріне құрметпен қарауды үйретеді, өзінің сөздері мен іс-әрекеттеріне, өзіне талап қоя біледі, өз қателіктерін ашық мойындайды және оларды жоюға тырысады.

Оқытушы өзінің студенттері мен әріптестерін кәсіби бағалауда адал және бейтарап болуы керек, ол жинақы, оның сөздері іспен сәйкес келеді, қызметтің принципті мәселелері бойынша өз ұстанымын ашық айта алады және өз көзқарасын шынайы дәлелдейді.

М.Жұмабаев атындағы жоғары колледж оқытушыларының ар-намыс кодексі қазақстан қоғамы мен мемлекеттің көпшілік таныған адамгершілік принциптері мен нормаларына негізделген адал тәртіп талаптары мен міндеттері, моральдық нормалар жүйесі.

Біз белгіленген негізгі қағидаттарды іске асыруға және студент пен оқытушының ар-намыс кодексін қолдауға жауапты боламыз. Біз колледждің моральдық және интеллектуалдық күштің үлгісі болуға және Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім берудің элитасын құруға мүмкіндік беру үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз.